



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

№ 09 шығарып 14 қыркүйек  
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 164  
город Нур-Султан

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу туралы

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығының алдын алу мақсатында  
**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Колледж бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау іс-шаралары бектіліп, жүзеге асырылсын. (жауапты Н. Ақдаулетов)

2. Басқару және әкімшілік лауазымды атқаратын тұлғаларға мемлекеттік қызметті орындаумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшейтіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталысын (жауапты А. Король, Г. Сапарбекова, Н. Ақдаулетов, У. Кстаубаева, Ж. Мырзабекова, Н. Нуржауова, А. Сейтжанова, Ә. Төрбек, А. Аргынбек)

3. Педагогикалық және лауазымды қызметкерлерге қандай бір заңсыз қаражат жинау, демеушілік және қайырымдылық түріндегі көмектер алуға қатаң тыйым салынсын.

4. Колледж қызметкерлеріне жеке өзінің немесе колледждің мүддесіне байланысты қандай да бір қор құру, қаражат жинау ҚР «Білім туралы» Заңның 64-бабын бұзу екендігі ескертілсін.

5. Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Г. Сапарбековға, оқу-өндірістік жұмыс бойынша орынбасары А. Корольге, тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Н. Ақдаулетовке қызметкерлерден, білім алушылардан заңсыз ақша жинау, ата-аналардан демеушілік немесе ерікті қайырымдылық көмек талап ету фактілерінің алдын алу мақсатында педагогикалық ұжым және ата-аналар қоғамы арасында кеңінен түсіндіру жұмысы міндеттелсін.

6. Білім алушылар мен қызметкерлер ақша жиналып жатқандығынан хабардар болған жағдайда колледж арнайы ресми сайтында көрсетілген парақшаға, колледж ғимаратының бірінші қабатында орналасқан сенім жәшігіне ақпарат қалдыруға болатындығын колледж фойесіндегі ақпараттық тақтаға ілініп, хабарлама тәртібінде қызметкерлер мен білім алушылар назарына жеткізілсін.

7. Кадр бөлімі менгерушісі А. Аргынбек заңсыз қаражат жинау немесе демеушілік көмек талап бойынша колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне түскен сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар немесе фактілер бойынша Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 52 бабының (еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері) 14 тармақшасын ( тәрбиеулеу функцияларын атқаратын жұмыскер

осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қайшы қылықтар жасаған) басшылыққа алынып еңбек шартының бұзылатындығын ескертіп, жауапты тұлғаларды осы бұйрықпен қол қою тәртібімен таныстыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор



З. Клышбаева

Таныстым

Лауазымды тұлғалар:

Директордың оқу жұмысы б/ша орынбасары

Директордың оқу-өндірістік жұмыс б/ша орынбасары

Тәрбие жұмысы б/ша орынбасар

Директордың оқу-әдістемелік жұмыс б/ша орынбасары


Директордың ақпараттық технология б/ша орынбасар

Директордың кәсіптік оқыту бойынша орынбасар

Директордың шаруашылық жұмыс б/ша орынбасар

Бас есепші

Кадр бөлімі меңгерушісі



Ғ. Сапарбекова  
 А. Король  
 Н. Ақдаулетов  
 У. Кстаубаева  
 Ж. Мырзабекова  
 Н. Нуржауова  
 А. Сейтжанова  
 Ә. Төрбек  
 А. Аргынбек

17.09.19 ж.